

Сұраңыз -
жауап береміз
2-бет



Маусым
тақырыбы
3-бет



Назар аударыңыз,
КОНКУРС
4-бет

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

Арай

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 04 (7791)
Жұма,
16 қаңтар 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

■ Ауыл және әлеумет

АСАУ ӨЗЕН КАТОНКАҒА БҰҒАЛЫҚ САЛЫНДЫ



бақылауда ұстады.

- Жылда, күз айынан бастап, көктемге дейін Катонка өзенінің бойындағы үйлердің тұрғындарымен бірге біз де, көшелерге шығып кеткен суды бұрып, өзен арнасына салып, әлекке түсетінбіз, - дейді Катонқарағай ауылдық округінің жауапты қызметкері Бейбіт Ахмадиев. - Биыл бұл азаптардан құтылды. Айтар жоқ, мердігерлер жақсы еңбектенді. Күннің суытып кетуіне байланысты, біраз жұмыстар: төгілген құмтасты тегістеу, арықтарды ретке келтіру көктемге қалдырылды.

Өткен жылы атқарылаған жұмыстарға, әсіресе, Катонка өзенінің жағалауының бекітілуіне деген тұрғындардың да ризашылығы мол.

- Бөкеев көшесіндегі үйде тұрып келе жатқаным жапырма бес жыл болды, - дейді Т. Жалғабаев. - Осы уақыт ішінде қыста қолымнан лом мен күрек, аяғымнан резеңке етік түспеп еді. Күн суытқанда арнасына сыймай, сыртқа шығып кететін өзен суын бақылаумен талай таңды да атырдық. Енді, міне, сол қиындықтардың барлығы артта қалды. Ұйқымыз да тыныш. Өзімнің отбасымның және көршілерімнің атынан билік басындағы азаматтарға, мердігерлерге алғыс айтамын.

Иә, Катонқарағайда көп жылдан бері шешімін күткен үлкен бір іс тындырылды. Мұны тұрғылықты халық еліміз тәуелсіздігінің жемісі деп көріп, біліп отыр.



Жәнібек Қызыр. Сурет автордікі.

Үлкен Нарын ауылдық округінің әкімі

2015 жылдың алғашқы айларында, біз өткен жылға қорытынды жасаймыз. Өткен жылдың қараша айында ел Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Жолдауын арнады. Бұл бағдарламалық құжаттың қазақстандықтар үшін тарихи маңызы зор, өйткені бұл Жолдау әркімді толғандырған заманауи мәселелерді шешуге қабілетті құжат. Инновациялық идеяларға қол жеткізу үшін ұзақ мерзімді даму бағдарламасы жарияланды. Үкімет пен мемлекеттік органдарға нақты тапсырмалар берілді. Басты міндет - әлемдегі дамыған отыз мемлекеттің қатарына ену.

Барлық қазақстандықтардай, катонқарағайлықтар да ұлы идеяларды жүзеге асыру мақсатында өз үлестерін қосуда.

2014 жылы өткен тұрғындармен кездесулерде 158 сауалдар қойылып, олардың барлығына есептік кездесулер барысында тиісті жауаптар мен түсініктемелер берілді. Аудан әкімінің есептік кездесулері барысында 10 мәселе мен ұсыныстар бақылауға алынған, ауылдық округтер әкімдерінің есептік кездесулерінде алты мәселенің шешілуі бақылауға алынған болатын. Бүгінгі күні осы бақылауға алынған мәселелердің барлығы оңды шешілді.

Бюджет

Аудан бюджетіне 12 млн. 132 мың 894 теңге көлемінде салық округтен түсті, ол болжамның 106 пайызы, оның ішінде

мүлік салығы - 470753 теңге, жер салығы - 537141 теңге, көлік салығы - 11 млн 125 мың теңге (Үлкен Нарын - 106222 228 теңге, Көкбастау - 128650 теңге, Жұлдыз - 349149 теңге, Балғын - 474847 теңге, Көктерек - 325092 теңге, Свинчатка - 550908 теңге).

Ауыл шаруашылығы саласында:

Округіміздің агроөнеркәсіптік кешені екі негізгі бағыттар бойынша: егін және мал шаруашылығын дамытуға бағытталған. Үлкен Нарын ауылдық округі бойынша барлығы - 203 шаруа қожалығы тіркелген, оның мал ұстайтыны 23 қожалық.

Ауылшаруашылық өнімінің жалпы көлемі өткен жылмен салыстырғанда көтерілді.

Ірі-қара мал басы 496 басқа, жылқы - 176 басқа, ешкі мен қой - 6675 басқа, шошқа 152 басқа көбейді. Құс саны - 1058 азайды.

2014 жылы округ бойынша 25 адам жеке мал шаруашылығын дамыту мақсатында Қаржылай көмек фонды және Несие серіктестіктері арқылы 49,7 млн теңге шағын несие алып 204 бас ірі-қара, 122 бас қой, 19 бас жылқы, 2500 құс сатып алды.

4 шаруа қожалығы өз қаражаттары - 5 млн 400 мың теңгеге 12 бас асыл тұқымды бұқа сатып алды.

3 адам «Жайлау» бағдарламасы арқылы 8,5 млн. теңгеге 300 бас қой алды. «Құлан» бағдарламасы аясында «Алтай А.Н» ШҚ 10,300 мың теңге несие берілді. Алдағы уақытта 37 бас жылқы алу жоспарланып отыр.

А. Ахметовтың есептік баяннамасы

2014 жылы селекциялық жұмыстарға, жем-шөпке және бұқаға барлығы 10 шаруа қожалығына өкіметтен 15,348 мың тг. субсидия берілді.

2014 жылы мал шаруашылығы өнімдерінің сапасын жоғарылату мақсатында қымыз өндіргені үшін округ бойынша 3 шаруа қожалығына 3 млн. 600 мың теңге көлемінде өкімет тарапынан субсидия берілді.

2014 жылдың басынан ірі қара - 804 бас, қой-ешкі - 2000 бас, жылқы - 105 бас, шошқа - 152 бас бірдейлендірілді.

Округтің көптеген фермерлік және жеке шаруашылықтарында мал азығының жеткілікті мөлшері дайындалды.

Ауылшаруашылық өнімдерінің бағасын тұрақтандыру үшін Үлкен Нарын ауылында 11 ауылшаруашылық жәрмеңкесі өткізілді.

Егістік зиянкестерімен күреске 4 шаруа қожалығы жалпы көлемі 312 га - күнбағыс, 120 га - дөңді дақылдарды өңдеп, 20 га алқапты демалтты.

Құрылыс, инфраструктура, аббаттандыру:

Округ бойынша аббаттандыру және санитарлық тазалықты сақтауға бағытталған шаралар күнделікті жүргізілуде. «Жасыл ел» бағдарламасы аясында көктемдік және күздік ағаш отырғызу науқаны өткізіліп, 1700 түп шыршы, 200 түп қайың, 700 метр қара ағаш, 1300 м² гүл отырғызылды. Аудан орталығы мектептері оқушыларының және округ әкімі аппаратының жұмысшыларының күшімен көшеттер мен гүлдер күнделікті

суғарылып отырды.

Бекітілген жоспарға сәйкес жыл көлемінде аудан орталығында ұжымдар мен ұйымдардан, ауыл тұрғындарынан жыл көлемінде 6500 адам қатысқан 15 сенбілік өткізілді.

11 заңсыз төгілген қоқыс орындарының көзі жойылып 3700 тонна қоқыс шығарылды. Ауыл сыртындағы республикалық трасса бойының 5000 метрі арам шөп пен қоқыстан тазартылды.

Қоғамдық жұмыстар есебінен жапырақ пен қоқыстан 47 шақырым ауыл ішіндегі арық бойы тазартылды. 5 бастау, 2 су ұңғымасының маңы тазаланып аббаттандырылды. 7500 м² зират маңы тазаланып, 800 м қоршауы ауыстырылып жөнделді.

750 м² құрайтын ауыл ішінде 3 шағын бақ салынып, 1100 м темір қоршаумен қоршалды.

Жазғы уақытта күнделікті орталық көшелер мен алаңдардың арам шөбі шабылып тазартылып отырды.

2014 жылы Үлкен Нарын ауылындағы су жүргізу бас каналы арнасының 6000 метрі тереңдетілді. Округ бойынша санитарлық тазалықты сақтау және қауіпсіздік мақсатында 40 дана ағаш (терек) қиылды.

Өткен жылы термомодернизациялау бағдарламасы арқылы Абылайхан көшесі № 77, 79, 111 және Амангелді көшесі № 78 үйлерге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл бағдарламаға жылу, су, кәріз жүйелерін, астынғы қабат пен шатырды жөндеу жұмыстары, ауланы аббаттандыру жұмыстары кіреді.

(Жалғасы 2 бетте.)

Үлкен Нарын ауылдық округінің әкімі А. Ахметовтың есептік баяннамасы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Округ бойынша барлығы 48960 метр су құбыры бар. 2014 жылы Үлкен Нарын ауылының Московский, Сіләмов, Озерный, Амангелді көшелеріне 6 млн. 817 мың теңгеге және Жұлдыз ауылына 1 млн. 679 мың теңгеге су құбыры тартылды.

Бытырғы жылы Үлкен Нарын ауылындағы Панфилов көшесіне 35 млн. теңгенің көлемінде қара жамылғы төселді. Абай, Пушкин, Огнев, Тайбағаров, Сіләмов, Абылайхан, Амангелді көшелеріне шұңқыр жөндеу жұмыстары жүргізілді. Московский, Береговой, Амангелді, Рысқұлбеков, Астана, Сіләмов, Нарын, Гагарин, Чайковский, Маяковский көшелеріне және Жұлдыз, Көктерек ауылдарының көшелеріне құм себіліп тегістеу жұмыстары жасалды.

2014 жылы Амангелді, Шулятиков, Б.Момышұлы, Московский, Садовая, Чайковский көшелеріне жарық шамдары орнатылды.

Жол жөндеу, көшелерді жарықтандыру, жылу жүйесін, су құбыры жүйесін жөндеу және ауыстыру алдағы уақытта да жалғастырылады.

Сонымен қатар, Елбасы өз Жолдауында аса маңызды бағыттар: қазақстандықтарды жұмыспен қамту, қолжетімді баспана, өңірлерді дамыту, халыққа қызмет көрсетудің сапасын арттыру, кадрлардың өлеуетін арттыру, сот және құқыққорғау жүйесін жаңғырту, адам капиталының сапалы өсуі, зейнетақы жүйесін жетілдіру, индустриялық-инновациялық жобалар, ауыл шаруашылығын дамытуды айқындап берді.

Президент қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін біздің округте барлық мүмкіншілік бар, оған былтырғы жылдың қорытындылары дәлел бола алады.

Әлеуметтік қолдау және еңбек

Быылғы жылдың қаңтар айындағы көрсеткіш бойынша округ тұрғындары 6576 адамды құрады (Үлкен Нарын-5146, Көкбастау-269, Жұлдыз-285, Балғын-374, Көктерек-424, Свинчатка 78 адам).

Тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету бойынша да айтарлықтай жұмыстар атқарылды.

2015 жылдың 1 қаңтарына жұмыссыздар саны 24 адамды құрады, өткен жылмен салыстырғанда 5 адамға аз.

2014 жылдың 12 айында жұмыспен қамту үшін жүгінгендер саны 206 адам, оның 128 жұмыспен қамтылды. 255 жұмыс орны құрылды.

«Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы аясында ауылда кәсіпкерлікті, ауылшаруашылығын дамыту мақсатында округ бойынша қаржылай көмек фонды арқылы 30 адам 68,2 млн теңге, кредиттік серіктестіктерден 21 адам 49,3 млн теңге көлемінде несиелік алып, округіміздің әлеуметтік-экономикалық өсуіне өз ықпалдарын тигізіп отыр.

Аз қамтылған және көп балалы отбасыларына көмек көрсету үшін күнделікті жұмыс атқарылады. 2014 жылы 1001,4 мың теңге көлемінде 8 жанұяға адрестік әлеуметтік көмек, 31 жанұяға 744,7 мың теңгеге тұрғын үй көмегі көрсетілді, 3693,8 мың теңге көлемінде 82 жанұяға бала бағу жәрдемақысы төленді. Аз қамтылған отбасыларына округіміздің жеке кәсіпкерлерінің тарапынан көптеген демеушілік көмек көрсетілді.

Туризм саласы

Аудандағы туризмді дамыту мақсатында Бұқтырма су қоймасының жағалауында А.Соколенко өз қаражатына 40 орындық демалыс базасын құрылысын жүргізуде. Құрылыс 150 млн теңгеге 2013-2015 жылдарға жоспарланып отыр. Демалыс орнының негізгі бағыты демалушыларға қайықпен жүзуге, бассейнге шомылуға, балық аулауға мүмкіндік жасау. Алдағы уақытта 12 жұмыс орнының ашылуы көзделіп отыр.

Үлкен Нарын ауылдық округі аймағында «Еңлік»ШҚ СПК «Ертіспен» бірлесе отырып, жоба бойынша 112 млн теңгеге 30 орындық демалыс базасын ашу жоспарлануда. 4 жұмыс орны құрылады. Қазіргі таңда ЖСҚ әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың шешімі күтілуде.

Келесі бір жоба «Помольцева Е.Н.»ЖК Н.К.Абраеваның Балғын ауылында ауыз суын құю цехын ашу. Жобаның мерзімі 2013-2015 жылдар, негізгі құны 80 млн теңге. Қазіргі уақытта жер телімі меншікке аударылған, құрылыс жүргізуге рұқсаты бар, ЖСҚ мен мемлекеттік сараптамасы әзірленген. Алдағы уақытта 6 жұмыс орны ашылып, мемлекеттік қазынаға орташа есеппен жылына 418 мың теңге салық түседі деп күтілуде.

«Үлкен Нарын ауылында әуежай құрылысының» техникалық-экономикалық қисынын әзірлеу. Бұл жобамен «Тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» ММ айналысуда. Жоба 2014-2016 жылдарға жоспарланған. Мақсаты - өңірімізді ауа көлігі қызметімен қамтамасыз ету, туризм саласын дамыту болып отыр. Бүгінгі күні әуежай құрылысын жүргізуге 13,2 млн теңгеге техникалық-экономикалық қисынын әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың шешімі күтілуде. Қаражат облыс бюджетінен бөлінген.

Білім беру

Үлкен Нарын ауылдық округі бойынша 2 балабақша, 7 мектеп, 2 кітапхана, 1 агротехникалық колледж бар. «Күншуақ» балабақшасында 2 топ (қазақ тілінде), «Балбөбек» балабақшасында 11 топ (аралас) және Көкбастау, Жұлдыз, Балғын ауылдарының мектептерінде шағын орталықтар ашылған, яғни 0-5 жас аралығындағы 391 бала мектепке дейінгі тәрбиелеумен толық қамтылған. Тамақтандырумен 100 % қамтылған, мектеп қатарындағы 311 оқушы тегін тамақтандырылады, оның ішінде 26 бала аз қамтылған отбасыларынан шыққан, 10 қамқорлыққа алынған.

Дене шынықтыру және спорт

Аудан спортын дамыту мақсатында біршама жұмыстар атқарылып келеді. Округте көпшілік спортпен шұғылданатын 11 спорттық ғимарат бар, оның ішінде 1 спорттық кешен, 1 шаңғы базасы, 4 футбол алаңы, 5 хоккей қорабы. Дене

шынықтыру және спортпен округ бойынша 1731 адам шұғылданады. «Алтай» спорттық кешенінде волейбол, шағын футбол, жеңіл атлетика, қазақ күресі, еркін күрестен үйірмелер ашылып, оған 390 адам қатысады.

Денсаулық сақтау

Округта 6 денсаулық сақтау мекемесі, 5 дәрхан бар. 2014 жылы округ бойынша 57 сәби дүниеге келді, қайтыс болған адамдардың саны – 43, туберкулезбен ауырғандар саны - 4 адам.

Қоғамдық тәртіпті қадағалау

Қоғамдық тәртіп бұзушылықтың алдын-алу мақсатында мекеме, ұйымдармен бірлесе отырып, ерікті халық жасақтары құрылып, жұмыстар жүргізіледі. Ауылдық округте «Сарбаздар жасағы», «Ақсақалдар алқасы», «Әйелдер ұйымы» құрылған.

Үлкен Нарын ауылында тәртіп, жол жүру ережелерін бұзу деректерін анықтауға көмектесетін 6 бейнебақылау камералары орнатылған.

«Катонқарағай» агротехникалық колледжі» КММ-нің және «Нұр Отан» партиясының ғимаратында учаскелік полиция пунктін орналасқан.

Жол қауіпсіздігін сақтау үшін Үлкен Нарын ауылында былтырғы жылы 650 мың теңгеге 50 дана жол белгілері орнатылды.

2014 жылы 62 қылмыс жасалған, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 38 қылмысқа азырақ.

Атқарылған шаруа аз емес. Жоспарланған жұмыс та жетерлік. Ең бастысы – қай істің болсын негізінде ауданымыздың бүгінгі берекесі мен ертеңгі игілігі жатыр.

Біз Отан үшін бар күшімізді жұмылдыруға міндеттіміз. Бізге ауқымды жұмысты атқару және Президент белгілеген міндеттерді орындау үшін жұмысқа белсене қатысу қажет. XXІ ғасыр - Қазақстанның алтын ғасыры, бейбітшіліктің, тұрақтылық пен гүлденудің кезеңі.

Сұраныз-жауап береміз

8 қаңтар күні аудандық газеттің «Тікелей желі» айдары бойынша тұрғындардың сауалдарына аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бидахмет Қалиахметов және жұмыспен қамту орталығының директоры Сәуле Елубаева жауап берді.

**- Жұмыспен қамту жол картасы 2020 бағдарламасы бойынша несиені алу жолдары.**

- Бұл несиелік кепілдік негізде ұсынылады және өз ісін ұйымдастыру немесе кеңейту үшін ғана беріледі.

Және несиенің аталмыш түрі - тұтыну мақсаттарына: тұрғын үй жылжымайтын мүлікті сатып алуға өзге де қарыздарды өтеу, сондай-ақ сауда саласындағы қызметті жүзеге асыруға қолданылмайды.

Шағын несиелер мал шаруашылығын, өсімдік шаруашылығын, елді мекендерді экономикалық және әлеуметтік дамуды арттыруға жағдай жасайтын қызметтер саласын дамытуға беріледі.

Шағын несиелер ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры және де СПК «Ертіс» арқылы несиелік серіктестіктермен 5 жыл мерзіміне, бір адамға 3 млн теңгеге дейін беріледі. Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы 6 пайыз, несиелік серіктестіктер арқылы 6,5 пайыз.

Несиелік серіктестіктер арқылы несиелік алу үшін біріншіден осы несиелік серіктестікке мүше ретінде кіріп, және де алынатын несиелік қаражатының 10 пайызы көлемінде жарғы капиталын енгізу қажет. Енгізілген жарғы капиталы 5 жыл көлемінде несиелік серіктестіктің есеп шотында болады, несиелік төленіп біткен соң бұл жарғы капиталы қайтарылады.

Қажетті құжаттар: өтініш, жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі, тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркеуді растайтын құжаттың көшірмелері (мекенжай анықтамасы), өз ісін ұйымдастыру немесе кеңейту бойынша бизнес-ұсыныс.

- Несиелік алған соңғы несиелік алушылар салық басқармасында жеке кәсіпкер не болмаса шаруа қожалығының басшысы ретінде тіркелуі қажет пе?

- Әрине, олар тіркелуі қажет. Өйткені, несиелік алған азаматтар өздерін жұмыспен қамтып, зейнетақы қорларына 10 пайыздық міндетті жарнасын аударулары тиіс.

- Жастар іс-тәжірибесіне қалай қатысуға болады?

-«Жастар тәжірибесіне» 29 жасқа дейінгі, арнаулы немесе бастапқы кәсіби білімі бар, еңбек өтілі жоқ, бұрын жұмыс жасамаған жұмыссыздар қабылданады.

Жастар тәжірибесі-бұл жоғары оқу орындары, колледж бітірген түлектер үшін мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдау.

Бітіруші түлек Жастар тәжірибесін меншік түріне қарамастан кез келген ұйымнан өте алады. Жастар тәжірибесіне қатысқан жоғары оқу түлектеріне мемлекет тарапынан 18 айлық көрсеткіште төлем ақы жүргізіледі.

Ұзақтық мерзімі - 6 ай.

Жастар тәжірибесіне қатысуға жолдама алу үшін аудандық жұмыспен қамту орталығына, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөліміне тұрғылықты тұрғын ретінде барып, жолдама алуға болады. Және төмендегідей құжаттар қажет:

Жеке куәлік, диплом, СТР (РНН) көшірмесі, ӘЖК (СИК), зейнетақы қорынан келісім шарт, «Халық банк» карточкасы, яғни есеп шот ашу қажет, тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркеуді растайтын құжаттың көшірмелері (мекенжай анықтамасы).

- Жұмыспен қамту жол картасы 2020 бағдарламасы бойынша қандай мамандыққа оқуға баруға болады?

-2015 жылы қайта даярлау курстары бойынша мамыр айынан бастап, «ветсанитар», «наубайшы» мамандықтарына 3,5 ай мерзіміне Өскемен қаласына ЖШС «Белиссима» және де «Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық колледжіне» дәріс алуға жолдама беріледі.

10 айлық даярлау курсына «Электродәнекерлеуші», «Ағаш шебері», «Сатушы» мамандықтарына жолдама беріліп, Өскемен қаласындағы көп салалы техникалық колледжіне жіберіледі.

Төлөнетін степендиясы -13407 теңге, тұратын орнына -19820 теңге, жол ақысы -3964 теңге төленеді.

-«Өрлеу» Жобасына кім қатыса алады?

- «Өрлеу» Жобасына орташа айлық табысы жан басына шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейі 60 пайыздан төмен болатын отбасылар (азаматтар), егер еңбекке жарамды отбасы мүшелері жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге белсенді түрде қатысқан жағдайда қатысуға құқылы.

-Жаз уақытында студенттердің уақытша жұмысқа орналасу мүмкіндіктері бар ма?

-Студенттер жазғы каникул уақытында, елді мекендерді абаттандыруға бағытталған «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша, немесе студенттік құрылыс топтарына уақытша жұмысқа тұруға болады. Ол үшін аудандық жастар Орталығына өтініш жазу керек.

-Ұлы Жеңістің 70-жылдығын тойлауға байланысты ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне, ҰОС қатысушыларының жесірлеріне, тыл еңбеккерлеріне және ҰОС ардагерлеріне теңестірілген адамдарға қандай жеңілдіктер қарастырылған?

-«Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметі 21 мамыр 2013 жылғы №504 Қаулысының 10 бабына сәйкес, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы құрметіне 2015 жылы бір ретте төмендегі санаттағы адамдарға ақшалай қаржы бөлу қарастырылған:

-ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне 150 мың теңге;

-ҰОС қатысушыларының жесірлеріне 25 мың теңге;

- ҰОС жылдары қажырлы еңбектері мен мінсіз әскери қызметтері үшін бұрынғы КСРО ордендері және медальдарымен марапатталған, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр кезеңінде 6 ай жұмыс істеген адамдарға 25 мың теңге.

ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілгендерге өздерінің кәсіби мейрамдарында бірреттік материалдық көмек көрсетіледі. Бұл Ауғанстаннан әскерді шығарған Күні және Чернобыль АЭС апаты салдарын жою Күні.

-Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, зейнеткерлерге және мүгедектерге, зейнеткерлерге шипажайлар қарастырылған ба?

-Ауданымыздың ҰОС-ның ардагерлеріне, зейнеткерлерге және мүгедектерге (оңалтудың жеке бағдарламалары бар мүгедектер (ИПР) Шемонайха ауданы Выдриха ауылында орналасқан «Уба» шипажайына барып, денсаулықтарын қалпына келтіруге жолдамалар жылсайын бөлінеді.

Жоғарыда аталған азаматтардың жазбаша келісімімен нысанды өтінішті аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне өтінішке келесі құжаттарды қоса ұсынулары қажет: өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, мүгедек балалар үшін – баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі және оның заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, денсаулық сақтау ұйымы берген санаторий-курорттың анықтама, зейнеткер куәлігінің көшірмесі, мекенжайы бойынша анықтама.

ҰОС-ның ардагерлеріне, шипажайға жолдама кезектен тыс беріледі.

■ Маусым тақырыбы

БАҒЫТЫМЫЗ - МАЛШЫ ҚЫСТАҚТАРЫ

Өткен жылқы жылы катонқарағайлық ауылшаруашылық саласында еңбек етіп жүрген адамдар үшін сәтті өткен сыңайлы. Өткен жылдармен салыстырғанда, мал азығы, шөп пен астықтың мөлшері жоғары болды. «Жас Қанат» шаруа қожалығы Үлкен Нарын өңірі бойынша ірі шаруашылықтардың бірі болып саналады. Анатолий Матасов басшылық ететін аталмыш еңбек ұжымында мал азығының қысқа даярлығы мен қожалықтың тұрмыс-тіршілігін білмек мақсатта жуықта малшы қыстақтарына атбасын тіреген едік.

Қыстақтар Малонарым ауылынан екі-үш шақырымдай жерде орналасқан, оған барар жолдың кейпі де біз ойлағандай екен... Атпен әрең жүретін тізеден келетін қасат қар. Малшы қыстақтарына дейінгі жолды шаруа қожалығының жұмысшылары трактор немесе жүк көліктердің күшімен тазалайды. Малонарым ауылында орналасқан шаруа қожалығының жұмыс кеңсесінен бізге тәжірибелі екі маман – шаруашылық ісін басқарушы Ақбота Қожықов пен зоотехник Мұхтархан Алыбаев қосылды. Осы шаруашылық қожалығында көп жылдар бойы еңбек еткен олар, мұндағы барлық тірлікпен етене таныс болғандықтан, кез келген тапсырылған істі сәтті тындырып жүрген адамдар. А.Қожықовтың астындағы УАЗ-469 немесе халық арасында кеңінен танымал «УАЗик» атты жол таңдамайтын темір тұлпары бізді қалың қардың тұтқынында қалған таулы жолмен ұшыртып әкеле жатыр.

Ат басын ең бірінші «Суық бастау» қыстағына бұрғанымызда, мұндағы жұмыстардың толыққанды аяқталғандығын көрдік. Жота үстінде 3000 тонна пішен үйлі тұр, онан сәл төменірек қазылған орда бір жылға жетер пішендеме жатыр. Мұның бәрі «Жас Қанат» шаруа қожалығының биылғы қыста аталмыш қыстақтағы

асыл-тұқымды 138 бас ірі қара малына даярлаған шөп қоры болып табылады.

«Биылғы қысқа біз толықтай дайынбыз, - дейді М. Алыбаев. – Жем-шөп қоры тиісті мөлшерде әзірленген, сондықтан уайымдайтындай себеп жоқ.

«Суық бастауда» 138 бас асыл-тұқымды ірі-қара өсіріледі. Оның 78-і – торпақ. Өткен жылы 34 бас сатылған екен. М.Алыбаевтың айтуынша, шаруа қожалығындағы малдың барлық саны бес жүзге жуық басты құрайды. Оның ішінде өткен жылдары Көкпекті ауданынан әкелінген Алеуколь тұқымды 8 бас бұқа да бар.



Біздің келесі тоқтаған жеріміз «Корменная яма» қыстағы. Ол алдыңғыдан бір шақырым қашықтықта орналасқан. Мұндағы мал басына Қабидолда Төлемісовтың отбасылық бригадасы қарайды. Аталмыш қыстақтағы ірі қараның саны 135 басты құрайды. Байқағанымыздай, мал азығының мөлшері жеткілікті түрде дайындалған, барлығы дер уақытында қыстақтағы қораларға жеткізілген.

3500 тоннаға жететін шөп, төрт жарым мың тонна пішендеме әзірледік. Мұнда үш жылға жетерлік жем-шөптің қоры жиналған, - деп сенімділікпен айтады Ақбота Қожықов. Табиғат Қастубаев, Евгений Коми-янко және Дмитрий Зыков сияқты механизаторлардың арқасында, жем-шөп тиісті орындарға жеткізіліп тұрады.

«Қара өзек» қыстағында да малшылар сарышұнақ аязды қысқа өбден қамданыпты. Мұндағы жұмысшылардың табан ет, маңдай терімен шыққан еңбегінің арқасында мал азығы қысқы мезгілге молынан дайындалған-ды. Нақтысын айтсақ, екі мың тонна шөп пен жүз елу мың тонна сабан әзірленген. Қыстақта Сергей Евсеев, Руфат Мұсақанов, Александр Матасов сияқты тәжірибелі малшы-шопандар 140 бас қой мен бір үйір жылқыны бағып отыр.

Сөйтіп, ең соңғы малшы қыстағына да жеттік. М. Алыбаевтың берген мәліметі бойынша, мұнда 2000 тонна шөп, төрт жарым мың тонна пішендеме және 360 центнер сабан даярланған. Бізге белгілі болғандай, бұл жерде мал басына Ерлан Сүлейменов деген азаматтың бригадасы бас-көз болуда.

Жалпы, біз барған «Жас қанат» шаруа қожалығының иелігіндегі барлық малшы қыстақтарының бүгінгі жай-күйі жақсарған екен. Күнделікті тұрмысқа қажет дүниелермен қамтамасыз етілген. Малшылар тұратын үйлер мен мал қоралары ағаштан тұрғызылып, іші-сыртына электр жарығы тартылған.



Тимур СМАҒҰЛОВ.
Сурет автордікі.

Назар аударыңыз, АУКЦИОН!

«Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталында аудандық коммуналдық меншіктегі жылжымайтын мүлік нысандарын сату жөнінде электрондық аукцион өткізу туралы хабарлайды.

Аудандық коммуналдық меншіктегі нысандарды сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген, жекешелендіру нысандарын сату қағидасына (бұдан әрі-Қағида) сәйкес жүргізіледі.

Сауда-саттықтың голланд әдісімен электрондық аукционға аудандық меншіктегі мына нысандар қойылады:

Сауда-саттықтың голланд әдісі бойынша аукцион 2015 жылдың 03 ақпанында сағат 11.00-де басталады.
№1 топтама Құндызды ауылындағы екі қабатты, кірпіштен қаланған, жалпы ауданы 914,0 ш.м., пайдаланылмай тұрған бұрынғы мектеп ғимараты. Теңгерім ұстаушы: «Ново-Хайрузовка орта мектебі» КММ. Мекенжайы: ШҚО, Катонқарағай ауданы, Құндызды ауылы, Центральная көшесі 3. Бастапқы баға-18 566 750 теңге. Ең төменгі баға- 2 508 092 теңге. Кепілді жарна -557 003 теңге. Техникалық жағдайы қанағаттанарлық.

Сауда-саттықтың голланд әдісі бойынша аукцион 2015 жылдың 03 ақпанында сағат 14.00-де басталады.

№2 топтама Ssang Yong Kyron автомашинасы, мем. нөмірі F120AV, 2012 ж.ш., теңгерім ұстаушы: «Катонқарағай ауданы әкімі аппараты»ММ. Бастапқы баға- 11 023 930 теңге. Ең төменгі баға- 1 206 227 теңге. Кепілді жарна-330 718 теңге. Техникалық жағдайы қанағаттанарлық.

Сауда-саттықтың голланд әдісі бойынша 2015 жылдың 06 ақпанында сағат 11.00-де басталады.
№1 топтама Ульяновка ауылындағы екі қабатты, кірпіштен қаланған, жалпы ауданы 1148,8 ш.м., пайдаланылмай тұрған бұрынғы мектеп ғимараты, теңгерім ұстаушы- «Ново-Поляковка ауылдық округі әкімі аппараты»ММ, мекенжайы: ШҚО, Катонқарағай ауданы, Ульяновка ауылы, Школьная көшесі, нөмірі жоқ. Бастапқы баға- 18 617 500 теңге. Ең төменгі баға -2 514 948 теңге. Кепілді жарна-558 525 теңге. Техникалық жағдайы қанағаттанарлық.

Сауда-саттықтың голланд әдісі бойынша 2015 жылдың 06 ақпанында сағат 14.00-де болады.

№2 топтама Бекалка ауылындағы бір қабатты, ағаштан салынған, жалпы ауданы – 281,8 ш.м., пайдаланылмай тұрған бұрынғы мектеп ғимараты, теңгерім ұстаушы- «Ақсу орта мектебі»КММ, мекенжайы: ШҚО, Катонқарағай ауданы, Бекалка ауылы, Мектеп көшесі,8. Бастапқы баға- 5 712 500 теңге. Ең төменгі баға -857 415 теңге. Кепілді жарна-171 375 теңге. Техникалық жағдайы қанағаттанарлық.

Электрондық аукционға қатысу үшін мыналарды көрсете отырып, www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік тізілім веб-порталында алдын ала тіркелу қажет:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);

3) кепілді жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп-айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (пошталық мекенжайы, телефо-

ны, факс, e-mail);

5) ұлттық куәландырушы орталық берген ЭЦҚ-ның жарамдылығы мерзімін көрсете отырып, Тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде Тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеті.

Электрондық аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық аукционға қатысуға өтінімді осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

Электрондық аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және электрондық аукцион басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады.

Қатысушыларға кепілді жарнаның кез келген санын енгізуге жол беріледі, бұл ретте бір кепілді жарна қатысушыға ол бойынша сауда-саттыққа қатысу үшін осы кепілді жарнаны енгізген жекешелендіру нысанын сатып алу құқығын береді.

Кепілді жарналарды бөлімнің депозит шотына уақытылы түсіру мақсатында кепілді жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталуға дейін үш күннен кешіктірмей төлеуге кеңес береміз.

Кепілді жарна сатушының мына есепшотына төленеді: «Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі БСН 060140000192.

Астана қаласының «ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті» банкі, БСК ККМFKZ2A, ЖСК KZ630705034521518006, Кбе 12, КНП 171 (банк қызметтері үшін төлемдер кепілді жарнаның мөлшеріне кірмейді). Төлемнің белгіленуі- аукционға қатысу үшін кепілді жарна.

Аукционға қатысуға өтінім тіркелгеннен кейін Тізілім веб-порталында үш минут ішінде өтінім берілген сату нысаны бойынша кепілді жарнаның түсуі туралы мәліметтердің Тізілім дерекқорында болуы тұрғысынан автоматты түрде тексеру жүргізіледі.

Назар аударыңыз! Веб-портал өтінімді қабылдаудан бастартуы үшін қатысушының осы Қағидаға көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ сауда-саттық өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілді жарнаның сатушының шотына аукцион басталуға дейін жетпіс екі сағат бұрын түспеуі негіз болып табылады.

Тізілім дерекқорында сатушының шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәлімет болған жағдайда, Тізілім веб-порталында өтінімді қабылдау және қатысушының аукционға жіберу жүзеге асырылады. Тізілім дерекқорында сатушының шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәлімет болмаған жағдайда, Тізілім веб-порталында қатысушының өтінімі кері қайтарылады.

Автоматты түрдегі тексеру нәтижелері бойынша Тізілім веб-порталында қатысушының өтінімінде көрсетілген электрондық мекенжайына өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Аукционға жіберілген қатысушыға Тізілім веб-порталында берілетін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат беріледі.

Электрондық аукцион өткізу тәртібі:

Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана

отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру нысанының бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласының уақыты бойынша басталады.

Сауда-саттықтың голланд әдісі бойынша аукцион:

1) егер аукцион басталған сәттен бастап бес минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі аукционда жекешелендіру нысанын сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру нысанының бастапқы бағасы осы Қағидадың 36-6-тармағына сәйкес белгіленген қадамға азаяды;

2) егер баға азайғаннан кейін бес минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру нысанын сатып алуға ниетін растамайтын болса, жекешелендіру нысанының соңғы жарияланған бағасы белгіленген қадаммен азаяды;

Жарияланған баға бойынша жекешелендіру нысанын сатып алуға ниетін бірінші болып растаған қатысушы сауда-саттықтың голланд әдісі бойынша аукцион жеңімпазы болып танылады және осы жекешелендіру нысаны бойынша аукцион өткізілген болып табылады;

3) егер жекешелендіру нысанының бағасы белгіленген ең төменгі мөлшерге жетсе және қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру нысанын сатып алу ниетін растама-са, онда аукцион өткізілмеген болып танылады.

Әрбір сатылған жекешелендіру нысаны бойынша аукцион нәтижелері аукцион нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, аукцион аяқталғаннан кейін жиырма төрт сағат ішінде Тізілімнің веб-порталында қол қояды.

Аукцион нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз сатушының жекешелендіру нысанын сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттерін белгілейтін құжат болып табылады.

Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, 116 мекенжайында, жеңімпазбен сатып алу-сату шартына электрондық аукцион өткізілген күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Аукционның жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушыға салыстыру үшін куәландыратын құжаттың түпнұсқаларын міндетті түрде көрсете отырып, олардың көшірмелерін не нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады:

1) жеке тұлғалар үшін: паспорттың немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың;

занды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің не анықтаманың;

2) заңды тұлға өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттың, сондай-ақ заңды тұлғаның өкілі паспортының немесе оның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқаларын міндетті түрде көрсете отырып, олардың көшірмелерін не нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады.

Құжаттардың түпнұсқаларын салыстырғаннан кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

Аукцион өткізу туралы ақпаратты 8 (72341) 2-16-75 телефондары арқылы және www.gosreestr.kz ресми сайтынан білуге болады.

У шақырылған Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №28/206-V шешімі**Катонқарағай ауданының 2015-2017 жылдарға арналған бюджеті туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 73, 75-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының «2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2014 жылғы 10 желтоқсандағы №24/289-V (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3589 нөмірмен тіркелген) шешіміне сәйкес, Катонқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 2015-2017 жылдарға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2015 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 4 669 494,0 мың теңге, соның ішінде: салықтық түсімдер – 530 806,0 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 4 312,0 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 18 100,0 мың теңге; трансферттердің түсімдері – 4 116 276,0 мың теңге;

2) шығындар – 4 669 494,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 38 584,0 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 47 568,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 8 984,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 38 584,0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 38 584,0 мың теңге.

2. Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2014 жылғы 10 желтоқсандағы «2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №24/289-V шешіміне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3589 нөмірмен тіркелген) 2015 жылға арналған аудан бюджетіне әлеуметтік салық, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы бойынша кірістерді бөлу нормативтері 100 пайыз көлемінде орындауға қабылданын.

3. 2015 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін субвенция көлемі - 2 588 056,0 мың теңге сомасында белгіленгені ескерілсін.

4. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238-бабының 2, 3-тармақтарына сәйкес, ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласының азаматтық қызметшілеріне жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен қызметтің, осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің жалақыларымен және ставкалармен салыстырғанда кемінде жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкалар белгіленеді.

Ауылдық жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілді органмен келісім бойынша жергілікті атқарушы орган айқындайды.

5. Ауданның жергілікті атқарушы органының 2015 жылға арналған резерві 4 897,0 мың теңге сомасында бекітілсін.

6. 2015 жылға арналған жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

7. 2015 жылға арналған аудандық бюджетті атқару барысында секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 5-қосымшаға сәйкес ескерілсін.

8. 2015 жылға арналған аудандық бюджетке облыстық бюджеттен түскен нысаналы ағымдағы трансферттер және даму трансферттері 6-қосымшаға сәйкес ескерілсін.

9. 2015 жылға арналған аудандық бюджетке республикалық бюджеттен түскен нысаналы ағымдағы және даму трансферттері 7-қосымшаға сәйкес ескерілсін.

10. 2015-2017 жылдарға арналған бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған, бюджеттік бағдарламаларға бөлінген даму бюджеті бағдарламаларының тізбесі 8-қосымшаға сәйкес ескерілсін.

11. 2015 жылға арналған ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бөлінген қаражат 9-қосымшаға сәйкес ескерілсін.

12. Осы шешім 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Г. Ағажәева, сессия төрағасы.

Д. Бралинов, аудандық мәслихат хатшысы.

Нормативтік құқықтық акт 2014 жылғы 30 желтоқсанда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3607 болып енгізілген.

(Жалғасы газеттің келесі санында)

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, КОНКУРС!

«Катонқарағай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің меңгерушісі бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды (1 бірлік).

Ұйымның мекенжайы: Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, 109 а. Анықтамалар үшін телефондар: (8-723-41) 2-93-54. 2-95-41.

Мекеменің негізгі қызметі: арнайы әлеуметтік қызмет көрсету.

Лауазымдық айлығы қызмет еткен жылдарына байланысты 58400-69903 теңге аралығында.

Функционалды міндеттері: үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімшесінің жалпы басқаруды жүзеге асырады. Бөлімшенің жұмыс істейтін аумағында тұратын өмірлік қиын жағдайда қалған және әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж азаматтарды анықтау және есепке алу жұмысын жүргізуді қамтамасыз етеді. Бөлімше қызметінің ағымдағы және келешектегі жоспарларын ұйымдастырады. Әлеуметтік көмек түрлерімен нысандарын айқындау, қажеттілікті белгілеу мақсатында жалғызділікті қарттар мен мүгедектердің, еңбекке қабылетсіз азаматтардың материалдық-тұрмыстық жағдайларын тексеру жұмысын ұйымдастырады. Әлеуметтік көмекке мұқтаж адамдардың деректер базасын қалыптастырады. Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарына сәйкес бөлімше мамандарының жұмыс көлемі мен қызмет көрсетілетіндердің санын айқындайды. Көрсетілетін әлеуметтік қызметтің көлемі мен сапасын және олардың қызмет көрсетілетін азаматтардың тиімділігін ұдайы бақылауды жүргізеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары:

Жоғары (немесе жоғарыдан кейінгі) (әлеуметтік,

медициналық, педагогикалық, экономикалық, заң) білім, экономикалық қызмет түрі бойынша тиісті бейінде жұмыс стажы кемінде 3 жыл.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Неке (ерлік-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы, Бала құқықтары туралы конвенциясының, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасы заңдары және әлеуметтік қызмет түрлерін көрсету мәселесі реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді.

Конкурс азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізудің бұқаралық ақпарат құралдарында (21.11.2007 жылы («Егемен Қазақстан», «Казак-станская Правда» газеттерінде) жарияланған Ережелері негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар конкурс өткізу жөніндегі хабарландыру ресми бұқаралық ақпарат құралдарында («Арай-Луч» газеті) жарияланған сәттен бастап, 15 күнтізбелік күн ішінде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне тапсырылуы тиіс.

Мекенжайы: Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, 109 а, анықтамалар үшін телефондар: (8-723-41) 2-93-54. 2-95-41.

Рузашылық

Қадірлі халқым, іргелі елімнің асыл азаматтары, жуықта менің отбасымда ағамыз бақшылық болып, орны толмас қазалы жағдайға байланысты көңіл айтып, жұбаныш жасап, біздің қасымызда болып, қолдау көрсеткендеріңіз үшін шын жүректен үлкен ықыласымды білдіремін.

Отбастарыңызға амандық, ұрпақтарыңызға баянды өмір, дос-жарандарыңызға, көрші-қолаңдарыңызға, алыс-жақын туыстарыңызға жаратқан иеміз бақ берсін.

Ізгі ниетпен жерлестеріңіз - Төлеген Тоқтасынұлы Ибраев.

Салық төлеушілердің назарына!

Құрметты шаруа қожалығының басшылары қайталап естеріңізге саламыз 2015 жылдың 31 наурызында 2014 жылға арналған 920.00 нысаны «Бірыңғай жер салық төлеушілерге арналған декларация» салық есептілігінің тапсыру мерзімі аяқталады.

Бірыңғай жер салығы, әлеуметтік салық, қоршаған ортаны ластау төлемі, міндетті зейнетақы жарнасын және әлеуметтік аударымды төлеу керек екенін ескертеді. 2014 жылдың 9 айдың төлемі 2014 ылдың 10 қараша айында өтіп кеткен, ал қалған 2014жылдың 3 айының төлемі ағымдағы жылдың 10 сәуіріне дейін төленуі тиісті.

Сонымен қатар, Занды тұлға басшыларына және жеке кәсіпкерлерге ескертеміз 700.00 нысаны «Көлік құралдары салығы, жер салығы мен мүлік салығы бойынша декларация», 100.00 нысаны «Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация», 140.00 нысаны «Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация» және 130.00 нысаны «Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация» 2015 жылдың 31 наурызында салық есептілігінің тапсыру мерзімі аяқталады.

Атап айтқанда, салық есебін уақытында таспырылмағаны үшін ҚР әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 206 бабының 1 тармақшасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Барлық сұрақтар бойынша, Катонқарағай ауданы бойынша салық басқрамасына Үлкен Нарын ауылы, Амангелді көшесі 61 мекен жайына немесе 2-14-84 телефонына хабарласуыңызға болады.

Катонқарағай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

Кеңсе, дүкен немесе басқадай кәсіпкерлік ашуға қолайлы ғимарат, сонымен бірге, 1997 ж.ш. V-2,0 л. Тойота-Карина автокөлігін, 1973 ж.ш. ВАЗ-2102, КА-МАЗ тіркемесімен сатамын. Бағасы келісім бойынша. (Айырбас жасауға да болады).
Тел. 87779914509; 87234121173.

«Балғын орта мектебі» КММ-не (декреттік демалыстағы мұғалімнің орнына) даярлық тобының тәрбиешісі қажет. Еңбек жүктемесі - 9 сағат.
Қойылатын талаптар: арнайы білімі болуы қажет.
Тел. 2-09-58.

Тікелей желі**Құрметті аудан тұрғындары!**

2015 жылдың 21 қаңтарында сағат 11.00-ден 12.00-ге дейін «Тікелей желі» арқылы аудандық білім беру бөлімінің басшысы Тоқсанова Лаура Жұмақанқызына өз сауалдарыңызды **8723-41-2-11-53** (аудандық «Арай»- «Луч» газетінің редакциясы) жолдай аласыздар.

Сауалдарды алдын ала да 2-19-79, 2-90-60 телефондары арқылы жолдауға болады.

Солоновка ауылының тұрғыны болған **Додабаева Айнагүл Кәрібалақызының** қайтыс болуына байланысты, марқұмның отбасына және туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Жолдастары.

Директор-редактор Жомарт Жақыпов	Құрылтайшы: ШҚО Қаржы басқармасы. Өкілетті орган: ШҚО Ішкі саясат басқармасы.	Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 25. 06. 2013 жылы № 13707-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» ЖШС-нің компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Космос к-сі, 6/3. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.
Компьютерлік беттеу операторы: Жайдары Нұрғазина Газет нөмірі бойынша кезекші: Жанар Қасымханова	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru	Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. Индекс: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352. Нөмірдің таралымы - 3193 дана: «Арай»-1875, «Луч»-1290. № 5694 тапсырыс.